

ФОНЕМАТИКАЛЫҚ ЕСТУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ОЙЫНДАРЫ

«Кім солай сөйлейді?»

Мақсаты: жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарын еліктеуге үйрету.

Құрал: Доп

Ойын барысы: ойынға 4-5 бала қатысады. Балалар жарты дөңгелекке тұрады, ортасында доппен педагог тұрады. Балаларға доп лақтырып бір жануарды атайды. Бала допты қағып ап сол жануардың дыбыстауын еске түсіру керек. Немесе допты лақтырып : «Ит қалай үреді көрсетші»



«Кім сені шақырды, тап?»

Мақсаты: басқа адамды дауысынан танып үйрету.

Құрал: арнайы құрал керек емес.

Ойын барысы: 3 адамнан кем адам қатыспайды. Біреуі ортаға тұрып көзін жұмады. Педагог көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге тұрады – шақырған бала ортаға тұрады.



«Бес санына шапалақта»

Мақсаты: Беске дейін санап және әрекетті тәрбиешінің ұсынысы бойынша орындап үйрету.

Ойын барысы: ойында екеулеп және топпен ойнауға болады. Педагог балаға қарама-қарсы отырып айтады «қазір мен 5 дейін санаймын «бес» деген кезде сен бір рет шапалақтайсын»

«Бұл не қылған дыбыс?»

Мақсаты: Баланы бір дыбысты бір дыбыстан және сөздің басындағы дыбысты ажыратып үйрету.

Құрал: Бірдей дыбыстан басталатын суреттердің аттары.

Ойын барысы: Ойынға 3-5 балаға қатысуға болады. Ойыншылар үстел басына отырады, педагог балаларға суреттерді көрсетіп атайды. Балалар зейінді тыңдап сөздегі бірдей дыбыстарды танып білу қажет. Табылған дыбыс нақты айтылу қажет. Мысалы: аапа, аана, аайна, аалма.

«Тында да айт»

Мақсаты: айналадағы заттардың дыбыстарын бір-бірінен ажырата білуге үйрету, фонематикалық есту қабілетін дамыту.

Құрал: ағаш, металл қасықтар, доп, қағаз, кітап, суы бар стақан, қоңырау, кілттер.

II нұсқасы ретінде музыкалық аспаптарды пайдалануға болады.

Ойын барысы:

Жеке және топпен ойнауға болады. Ең алды балалар үстелдегі заттарды қарап алады. Сосын педагог теріс қарап отырады, ал педагог заттардың дыбысын шығарады, балалар дыбысты танып толық жауап береді :«Бұл қоңыраудың сыңғыры» т.с.с.



Шапалақта

Мақсаты: фонематикалық қабілетін дамыту, әрекетті ересектің ауызша инструкциясы бойынша орындап үйрету.

Ойын барасы: ойынды баламен де, топпен де өткізуге болады. Педагог 10 дейін санайтынын айтады, ал балалар «он» дегенді естігенде шапалақтау керек. Педагог 1-2 рет дұрыс санап, сосын шатастырып санайды. Балалар тек 10 санын естігенде ғана шапалақтайды. Қателескен балалар ойыннан шығады.



«Естігенде шапалақта»

Мақсаты: Дыбыстардың арасынан берілген дыбысты ажырата білуге үйрету, фонематикалық есту қабілетін дамыту.

Ойын барысы: берілген дыбысты шапалақпен белгілеу. Педагог ең алдымен жеке дыбыстарды айтады, сосын буындардың арасынан берілген дыбысты белгілейді.

А Н Т